

«Гео-детектив» әдісі

Мақсаты:

Оқушыларды сыни және логикалық тұрғыдан ойлауға, географиялық белгілер мен сипаттамалар арқылы нысанды, елді немесе табиғи аймақты анықтауға үйрету.

Ережесі:

Мұғалім алдын ала “географиялық жұмбақ” сипаттамаларды дайындайды.

Мысалы:

1. «Бұл елде 30-дан астам белсенді жанартау бар, ал орман аз.»
2. «Бұл мемлекет екі дүние бөлігінде орналасқан және оның астанасы Босфор бұғазының бойында.»

Мұғалім сипаттаманы сыныпқа оқиды.

Оқушылар тыңдап, елді немесе нысанды табады, өз болжамын айтып, дәлелдейді

Тиімділігі:

- Географиялық білімдерін қолдану арқылы елестету, талдау, салыстыру дағдылары дамиды.
- Әлем елдері мен табиғи нысандар туралы білім тереңдейді.
- Коммуникативтік және дәлелдеу қабілеттерін қалыптастырады.

